ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ
«М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ИНСТИТУТ ЛИТЕРАТУРЫ И
ИСКУССТВА ИМЕНИ М.О.АУЭЗОВА»
КОМИТЕТА НАУКИ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

16 наурыз 2020 ж. № 056/77

Алматы қаласы город Алматы

Докторант Қабдешова Құралай Ахметқызының «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Авторлық тарихи жырлар: эпикалық дәстүр, тарихи жад, ұлт-азаттық идея» (Жетісу халық ақындарының қолжазба мұраларының негізінде) атты диссертациялық зерттеу жұмысына берілген отандық кеңесшінің (филология ғылымдарының кандидаты, доцент Т.К. Албеков)

ПІКІРІ

Қазақ ауыз әдебиетінің XX ғасырдың белортасына дейін жетіп, тіпті оның айтыс сияқты жанрының жаңа ғасырға да ілігіп, тың үрдіспен дамып отырғаны бүкіл әлем жұртшылығына мәлім. Сондықтан ұлтымыздың бүкіл рухани құндылықтарының көп бөлігін XIV-XX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың, би-шешендердің, сал-серілердің, әнші-жыршылардың шығармашылығы құрайтындығы заңдылық. Патшалы Ресей заманында да, кеңестік кезеңде де отаршыл саясаттың салдарынан олардың мұралары толық жиналып, ғылыми жүйеге түсіріліп, жарыланбағандықтан, зерттеу жұмыстары да кешеуілдеп қалды. Солардың бірі – жетісулық халық ақындарының мұралары.

Іздеушілері бар кейбір ақындардың өлеңдері, жырлары мен айтыстары ғана іріктеліп, бірер шағын жинақтарында жарыланғаны болмаса, ақындардың өз қолымен хатқа түсіріп, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорларына өткізген қолжазба мұралары іздестіріліп, жинақталып, ғылыми айналымға түскен емес. Диссерттанттың бүгінге дейін қалың оқырмандар мен зерттеушілерге беймәлім болып келген авторлық тарихи жырын нысанаға алып, оның тарихилығына, эпикалық дәстүр сабақтастығына мән беруінің өзі елеулі жаңалық болып табылады.

Авторлық тарихи жырлар – эпикалық жырлардың бір тармағы, өзіндік идеалық-көркемдік ерекшелігі бар жанр. Олардың сюжетінде өмірде анық болған әлеуметтік, саяси оқиғалар алынады. Түркі топырағындағы бай әдеби дәстүрден бастау алған тарихи жырлар мен батырлар жыры үлгілері қазақ әдебиетіндегі құрылымдық әрі көркемдік ерекшеліктерді дамыта отырып, авторлық тарихи жырлардың қалыптасуына зор әсер етті.

Сканировано с CamScanner

Зерттеуші тарихи жырдың бейнелейтін нысаны тарихи оқиғалар деп есептейді. Тарихи жырлар – жалпы өмірде бола беретін оқиғалардың емес, нақтылы бір кезеңдегі әлеуметтік-тарихи тартыстардың елесі. Олар түрлі шығармашылық ағымдардың ырқына көне бермейді, көп өзгеріске ұшырай бермейді.

Қазақ жеріне қызығып, жаулап алуға ниеттенген Жоңғар, Ресей, Қоқан, Қытай отаршылдарына қарсы күресіп, Жетісу өңірі мен Алатау, Тянь-Шань баурайларын қатар қоныстанған қазақ-қырғыз елдеріне отансүйгіштігімен, батырлығымен кеңінен танылған тарихи тұлғалар халық ақындарының шығармашылығына арқау болды. Диссертация авторы тарихи эпостарды талдау арқылы Жетісу халық ақындары шығармашылығындағы эпикалық дәстүр мәселесін, Жетісудың жыршылық мектебінің негіздерін айқындап берген. Сондай-ақ нысанаға алынған жырларда баяндалған көркем шындық пен тарихи, құжаттық деректерді салғастыра қарастырып, тың ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.

Зерттеудің негізгі мазмұны үлкен үш тарау және осы тараулардың мәнін ашып, толықтыратын үш тараушаларды қамтиды.

Диссертацияда авторлық тарихи жырлардың қалыптасу тарихы, зерттелуі, эпикалық дәстүрдің жалғастығы, тарихилығы, поэтикасы және авторлық тарихи жырлардағы ұлт-азаттық идея туралы сөз болады. Авторлық тарихи жырларды тарихи өлеңмен, фольклорлық тарихи жырлармен бірлікте зерделей отырып, авторлық тарихи жырдың табиғатын ашуға тырысқан. Авторлық тарихи жырдың жоқтан пайда болмағаны, эпикалық дәстүрдің заңды жалғасы екендігі дәлелденді. Атап айтқанда, диссертацияны «Авторлық тарихи жырлардағы дәстүрлі мотивтер», «Авторлық тарихи жырлардағы уақыт пен кеңістік», «Авторлық тарихи жырлардың поэтикасы» атты тараушаларға жүйелеу арқылы авторлық тарихи жырдың жанрлық ерекшелігін, өзіндік сипатын ашуға талпыныстар жасалған.

Жетісу ақындық мектебінің кейінгі өкілдері Қалқа, Саяділ, Әбдіғали, Есдәулет, Тәжібай, Әбзейіт, т.б. ақындардың соңында қалған туындылардың кейбірі авторлардың тірі кезінде, өздерінің қолтаңбасымен хатқа түссе, екіншілері кейін халық арасынан жазылып алынған. Белгілі-белгісіз себептерге байланысты көпшілігі баспа жүзінде жарияланбағандықтан, жалпы оқырмандарға, ғылыми ортаға беймәлім болып келді. Зерттеу кезінде бұл жырлардың қолжазба үлгілері еліміздің сирек қорларынан, жекелеген ақындардың мұражайларынан, ұрпақтарының мұрағаттарынан жиналып, түрлі жазулардағы (төте араб, латын, кирилл) үлгілері текстологиялық тұрғыда сарапталып, жұмысқа пайдаланылғаны аңғарылады.

Диссертанттың зерттеудегі мақсаты тарихи жырлар мен авторлық тарихи жырлардың ерекшелігін, аражігін айқындау, тарихи жырлардың сипатына кеңінен тоқталу болғандықтан, зерттеуші көздеген мақсатына жетті деуге толық негіз бар.

Тарихи жырлардың тарихилығын да ғылыми зердемен пайымдау нәтижесінде батырлық жырлардың дәуір өте келе өзгергендігі, кейбіреуі тым ертеде туса да оған кейінгі дәуірлердің дәмі, бояуы сіңіп отырғандығы, тіпті

Сканировано с CamScanner

кейбір батырлық жырын әр ақын өзінше жырлап, бір жырдың бірнеше түрін, яғни вариантын тудырғандығы айқындалды.

Зерттеу ғылыми басылымдардың бірінде жарияланған жағдайда, ең алдымен оқырман қауым бұған дейін өздеріне белгісіз болып келген көркем туынды туралы мол мәліметтер алады, ал автордың өзіндік көзқарастары, ой-тұжырымдары тарихшы, фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдарды да қызықтырады деген ойдамыз.

Осы айтылған пікірлерді ескере отырып, диссертация авторы Қабдешова Құралай Ахметқызының «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Авторлық тарихи жырлар: эпикалық дәстүр, тарихи жад, ұлт-азаттық идея» (Жетісу халық ақындарының қолжазба мұраларының негізінде) атты диссертациясы толық аяқталған жұмыс деп есептеймін.

Отандық кеңесші,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент **Т.К.Албеков**

Т.Албековтың қолын
растаймын КАДР БӨЛІМІ
«16» 03 2020 ж. Қолы

Сканировано с CamScanner